Перспективалы, бірақ жеткілікті түрде зерттелмеген өсімдіктердің бірі – Қазақстанда кеңінен таралған және халық медицинасында түрлі ауруларды емдеу мақсатында қолданылып келе жатқан түйежапырақ немесе шоңайна (*Arctium lappa*). Бұл өсімдіктің химиялық құрамын зерттеуде негізінен оның тамыр бөлігіне назар аударылады, себебі онда инулин, полисахаридтер, сапониндер, флавоноидтар, таниндер және органикалық қышқылдар сияқты биологиялық белсенді заттар шоғырланған. Алайда, шоңайнаның тек тамырында ғана емес, оның жапырақтарында да фармакологиялық тұрғыдан құнды метаболиттер болуы мүмкін, бұл олардың химиялық құрамына салыстырмалы талдау жүргізудің өзектілігін көрсетеді.

Осызерттеу жұмысы *Arctium lappa* өсімдігінің тамырлары мен жапырақтарының химиялық құрамын салыстырмалы түрде талдауға бағытталған. Алынған нәтижелер өсімдіктің жер асты және жер үсті бөліктерінің негізгі компоненттік ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ олардың микробқа қарсы және дерматологиялық препараттар жасаудағы әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді.

Материалдар және әдістер. Зерттеу нысандары: Қазақстан Республикасының Алматы облысының Қарасай ауданынан жиналған *Arctium lappa* (шоңайна) өсімдігінің тамырлары мен жапырақтары.

Өсімдіктің *тамыр бөлігі* топырақ қалдықтарынан тазартылып, дистилденген сумен жуылды, содан кейін жақсы желдетілетін бөлме жағдайында бөлме температурасында көлеңкеде табиғи кептіру әдісімен кептірілді. *Жапырақтары* алдын ала кесіліп, тазартылған сумен өңделіп, сол тәрізді әдіспен кептірілді. Кептіру процесінен кейін өсімдік тамырлары мен жапырақтар біркелкі ұсақтау мақсатында механикалық өңдеуден өткізіліп, зертханалық диірменде ұнтақталған. Зерттеу нысандардан биологиялық белсенді кешен алу үшін мацерация әдісі қолданылды. *Arctium lappa* өсімдігінің фитохимиялық сараптамасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеяның (ҚР МФ) I басылым ережелері бойынша жасалынды. Өсімдік шикізатының құрамындағы макро- және микроэлементтер атомды-абсорбционды спектрлі әдіс арқылы анықталды.

Оптималды экстрагентті таңдау үшін 0,1 г шикізатты 10 мл су, бензол, этанол, этилацетат, бутанол еріткіштерінде ерітіліп 24 сағатқа қалдырылды. Кейін аталған экстракттарға қағазды хроматография (КХ) әдісі арқылы сапалық анализ жасалды. Фитосараптама барысында 13 түрлі реагенттер қолданылды. *Минералдық құрамын анықтау әдістемесі:* Зерттелетін шикізатты ұнтақталып, 2 г мөлшерінде алдын ала тұрақталған фарфор тигельге салынады. Тигельдегі үлгі электр плиткада қыздырылып, шикізат толықтай көмірге айналғанша күйдіріледі. Одан кейін тигель эксикаторда салқындатылады және аналитикалық таразыда өлшенеді. Үлгі муфель пешінде 500–600 °C температурада 4 сағат бойы толық күлге айналғанша өртеледі. Күйдіру аяқталған соң тигель қайтадан эксикаторда

салқындалатылып, тұрақты массаға жеткенге дейін таразыда өлшенеді. Кейін күлге айналған қалдықтың үстіне 5 мл азот қышқылының (HNO₃) 1:1 ерітіндісі құйылып, электр плиткада ылғал тұз қалғанша қыздырылады. Қалған тұздың үстіне 10–15 мл 1 н HCl немесе 1 н HNO₃ қосылып ерітіндіге толық ерітіледі. Дайын болған ерітінді 25 мл көлемге дейін өлшемдік колбаға құйылып, белгіленген сызыққа дейін жеткізіледі. Сонымен қатар, дәл осындай жағдайда «бақылау» ерітінді дайындалады.

Алынған ерітінділердің макро- және микроэлементтік құрамын анықтау Shimadzu AA-6200 атомды-абсорбциялық спектрометрі (Жапония) қолданылды. Талдау әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Физика-химиялық зерттеу әдістері және талдау орталығында (ЦФХМА) жүргізілді.


Сонымен қатар, *Arctium lappa* өсімдігінің құрамы газды хроматографиясы-масс-спектрометрия (ГХ-МС) әдісі арқылы зерттелді. Зерттеу үшін Agilent MSD ChemStation масс-спектрометриялық детекторы бар газ хроматографиялық жүйесі пайдаланылды.

Талдау шарттары:

- енгізілген үлгінің көлемі – 0,5 мкл;
- инжектор температурасы – 280 °С;
- капиллярлық баған DB-WaxEtr (30 м × 0,25 мм × 0,25 мкм);
- тасымалдаушы газ – гелий 1 мл/мин жылдамдықпен;
- температура бағдарламасы: 40 °С (5 мин), содан кейін 5 °С/мин 300 °С дейін (5 мин);
- SCAN анықтау режимі (m/z 34–750).

Деректерді өңдеу Wiley 7-ші басылымы және NIST’02 масс-спектр кітапханалары арқылы орындалды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. *Arctium lappa* өсімдігінен ББЗ бөліп алу мақсатында оптималды экстрагент таңдау үшін су, бензол, этанол, этилацетат, бутанол еріткіштеріндегі экстрактивті заттардың мөлшері анықталды (1-сурет).



1 сурет – *Arctium lappa* өсімдігі үшін оптималды еріткішті таңдау

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, *Arctium lappa* өсімдігінің биологиялық белсенді қосылыстарын экстракциялау үшін ең қолайлы еріткіш ретінде этанол анықталды. Бұл еріткіш флавоноидтар, фенолдық қосылыстар, аминқышқылдары және тері илегіш заттар секілді әртүрлі полярлы қосылыстарды тиімді ерітумен ерекшеленеді. Сонымен қатар, су да экстрагент ретінде жоғары экстракция қабілетін көрсетіп, фенолдар мен таниндерді бөлуге мүмкіндік берді. Этилацетат пен бутанол негізінен каротиноидтар мен кумариндерді бөліп алу үшін жарамды болып шықты, ал бензол қосылыстарды еріту қабілеті бойынша ең төмен көрсеткіш көрсетті.

Жүргізілген зерттеулердің негізінде *Arctium lappa* жапырағынан биологиялық белсенді қосылыстарды алу үшін оңтайлы еріткіш ретінде 96%-дық этанол ерітіндісі, ал өсімдіктің тамыр бөлігінен экстракция жүргізу үшін 50%-дық этанол ерітіндісі қолайлы екендігі анықталды. Осы себепті, сапалық және сандық талдаулар үшін сәйкес спирттің сулы ерітінділерін пайдалану негізделген шешім болып табылады.

Зерттелген нысандардан биологиялық белсенді қосылыстарды алу үшін мацерация немесе тұндыру әдісі қолданылды. Бұл әдіс – өсімдік шикізатынан биологиялық белсенді заттарды экстракциялау үшін жиі қолданылатын қарапайым және тиімді әдістердің бірі. Бұл әдіс өсімдік ұнтағының бөлшектерін бөлме температурасында немесе аздап қыздырылған еріткішке ұзақ уақыт бойы салып қоюға негізделеді. Мацерация кезінде еріткіш өсімдік жасушаларына диффузия арқылы енеді және жасуша ішіндегі ерігіш қосылыстар ерітіндіге өтеді. Бұл процесс пассивті түрде жүреді және қыздыру немесе қысым қолдануды қажет етпейді, сол себепті термолабильді (жылуға сезімтал) қосылыстарды сақтауға мүмкіндік береді. Экстракция соңында алынған ерітінді сүзіліп, ары қарай буландыру және химиялық талдау үшін дайындалды (Бурашева, 2015).

Зерттеу барысында мацерация әдісін қолдану арқылы биологиялық белсенді қосылыстарды экстракциялау процесінің технологиялық параметрлері 1-кестеде көрсетілген:


1 кесте – Мацерация әдісімен *Arctium lappa* өсімдігінен экстракт алу үрдісінің технологиялық параметрлері

Параметрлер	Нәтижесі	
	жапырактан	тамырдан
Еріткіш	96% этил спирті	96% этил спирті және дистилденген су
Шикізат-ерітінді қатынасы	1:8	1:5:5
Экстракция уақыты	1 апта	1 апта
Экстракция реті	3 рет	3 рет
Процесс температурасы	20-25 °C	20-25 °C

Өсімдік шикізатының құрамындағы биологиялық белсенді заттардың сандық көрсеткіштері стандартты әдістер бойынша анықталды. Алынған нәтижелер 2-кестеде және 2-суретте көрсетілген:

2 кесте – *Arctium Lappa* құрамындағы биологиялық белсенді заттардың сандық көрсеткіштері

Өсімдік құрамындағы ББЗ тобы	Пайыздық мөлшері (%)	
	жапырақта	тамырда
Органикалық қышқылдар	1,42	0,13
Флавоноидтар	2,02	0,66
Алкалоидтар	0,076	1,92
Кумариндер	1,32	0,64
Сапониндер	2,17	4,71
Тері илегіш заттар	16,34	0,31
Көмірсулар	0,82	1,36

2 сурет – *Arctium Lappa* құрамындағы биологиялық белсенді заттардың сандық көрсеткіштері

Шоңайна өсімдігінің жапырақтары мен тамырының құрамындағы биологиялық белсенді қосылыстардың салыстырмалы талдауы олардың әр бөлігінде белгілі бір қосылыстардың әртүрлі концентрацияда болатынын көрсетті. Бұл қосылыстар өсімдіктің фармакологиялық қасиеттерін айқындап, оның дәрілік мақсатта қолданылу мүмкіндіктерін негіздейді. Шоңайна жапырақтары мен тамырлары, сондай-ақ олардан бөлініп алынған жеке метаболиттер, антиоксиданттық және қабынуға қарсы белсенділіктерімен ерекшеленеді, бұл жасушасыз жүйелерде, жасуша дақылдарында және жануарлар үлгілерінде жүргізілген зерттеулермен дәлелденген (Lyu, et al, 2020).

Arctium Lappa жапырағында ең жоғары мөлшерде тері илегіш заттар (16,34%), флавоноидтар (2,02%) және органикалық қышқылдар (1,42%) кездескен. Тері илегіш заттардың (таниндердің) көп мөлшері олардың айқын қабынуға қарсы, антисептикалық және адсорбенттік қасиеттеріне байланысты. Ғылыми деректер таниндердің микроорганизмдердің көбеюін тежейтінін, шырышты қабықтарға тұтқыр әсер етіп, қан кетуді тоқтататынын көрсетеді (Maugeri, et al, 2022). Сондықтан таниндерге бай өсімдіктер стоматит, тонзиллит, асқазан-ішек ауруларын емдеуде қолданылады. Сонымен қатар, олардың антиоксиданттық

әсері қартаюға қарсы косметикалық құралдарда пайдалануға негіз болады (Jing, et al, 2022).

Флавоноидты қосылыстар *жапырақта* да (2,02%), тамырда да (0,66%) кездеседі, алайда олардың концентрациясы жапырақтарда 1,36%-ға жоғары болатынын байқаймыз. Флавоноидтардың негізгі биологиялық белсенділігі – капиллярларды нығайту, антиоксиданттық және қабынуға қарсы әсерлер көрсету. Олардың бос радикалдарды бейтараптандырып, жасушалық қартаю процестерін баяулататыны және жүрек-қантамыр жүйесінің қызметін жақсартатыны белгілі. Сонымен қатар, флавоноидтар қан тамырларының өткізгіштігін төмендетіп, веноздық жеткіліксіздіктің алдын алуға ықпал етеді (Пугина, 2022).

Тамыр бөлігінде сапониндер (4,71%), алкалоидтар (1,92%) және көмірсулар (1,36%) жоғары концентрацияда анықталды. Сапониндер жасуша мембраналарының өткізгіштігін арттыратын беттік-белсенді қосылыстар ретінде сипатталады. Ғылыми деректер олардың қандағы холестерин деңгейіне, сүйек тінінің беріктігіне, глюкоза алмасуына және онкопротекторлық әсеріне оң ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, сапониндер тромбоциттердің агрегациясын тежейді, гиперкальциурияны емдеуде маңызды рөл атқарады және ауыр металдармен улану кезінде антидоттық қасиеттер көрсетеді (Kareem, et al, 2022).


Arctium lappa тамырының көмірсулары гемопоздді ынталандыру қабілетіне ие және зертханалық жануарларда анемияға қарсы белсенділік көрсетеді (Сычев, 2024). Сонымен қатар, бұл полисахаридтер иммундық жүйенің қызметін жақсартып, цитокиндердің өндірілуін ынталандырады. Олар иммуномодуляторлық әсер көрсетіп, антиденелердің синтезін реттеуге қатысады (Lu, et al, 2023). *Arctium lappa* тамырынан бөлінген көмірсулардың қабынуға қарсы қасиеттері зертханалық жануарлардың колит үлгілерінде дәлелденген (Skowrońska, et al, 2021).

Фруктандар, әсіресе инулин түріндегі қосылыстар, липидтік алмасуды реттеуде маңызды рөл атқарады. Олар қандағы триглицеридтердің, жалпы холестериннің және ТТЛП (төмен тығыздықтағы липопротеидтердің) деңгейін төмендетіп, ТЖЛП (жоғары тығыздықтағы липопротеидтердің) концентрациясын арттырады. Сонымен қатар, фруктандар тағамның энергетикалық құндылығын азайтып, артық салмақтың алдын алуға ықпал етеді, өйткені олар жоғарғы асқазан-ішек жолдарында гидролизденбейді және метаболизденбейді. Жемістерде глюкозаның ассимиляциясы арқылы майдың ыдырау процестері белсендіріліп, семіздіктің даму қаупі төмендейді (Васфилова, 2021). Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде алкалоидтардың мөлшері *жапырақта* (0,076%) төмен, ал *тамырда* айтарлықтай жоғары (1,92%) болатыны анықталды. Алкалоидтар жоғары биологиялық белсенділікке ие табиғи қосылыстар тобына жатады. Медициналық тәжірибеде кейбір алкалоидтар спазмолитикалық, анальгетикалық және гипотензивтік дәрілер ретінде қолданылады. Төмен еру қабілеті мен биожетімділігіне қарамастан, өсімдік тектес алкалоидтар ісікке қарсы перспективалық агенттер болып саналады. Бұл қосылыстарды клиникалық қолдануға енгізу үшін олардың мақсатты жасушаларға жеткізілуін оңтайландыруға бағытталған қосымша зерттеулер қажет (Olofinisan, 2023).

Макро- және микроэлементтердің сандық мөлшерін анықтау атомды-абсорбциялық спектрометрия әдісі арқылы жүзеге асырылды. Атомды-абсорбциялық спектрометрия әдісі зерттелетін үлгідегі элементтердің сандық мөлшерін олардың жарықты белгілі бір толқын ұзындығында сіңіру қабілетіне негізделіп анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс жоғары дәлдікпен микро-және макроэлементтерді анықтауға қолданылады. Зерттеу Shimadzu AA-6200 — жалындық атомизация жүйесімен жабдықталған екі сәулелік атомды-абсорбциялық спектрометрінде жүргізілді. Бұл құрылғыда зерттелетін сұйық үлгі аэрозоль түрінде арнайы бүріккіш арқылы жалынға түседі. Жалынның әсерінен үлгідегі элементтер атом күйіне өтеді. Атомдар тек өздеріне тән спектрлік сызықтағы жарықты сіңіреді. Құрылғыда орнатылған қуыс-катодты шамдар белгілі бір элементке тән монохроматтық жарық сәулесін шығарады. Бұл сәуле атомдардан өткенде оның бір бөлігі сіңіріледі. Сіңірілген сәуле қарқындылығы (абсорбция) арқылы зерттелетін элементтің концентрациясы анықталады (Genovesi, 2014). Зерттеу нәтижелер 3-кестеде және 3-суретте көрсетілген. Алынған нәтижелер бойынша *Arctium lappa* жапырағында калий (1788,48 мкг/мл), кальций (281,46 мкг/мл), магний (282,29 мкг/мл) және темір (33,546 мкг/мл) жоғары концентрацияда жинақталған, бұл олардың белсенді метаболизмін көрсетеді. Тамырда кейбір элементтердің, әсіресе темір (37,3 мкг/мл) мен натрийдің (37,8 мкг/мл), салыстырмалы түрде тең мөлшерде болуы байқалады. Мырыш, мыс және марганец сияқты микроэлементтер негізінен жапырақта басым. Атап кететін жайт, жапырақ құрамында кадмий мен қорғасын сияқты улы элементтер болған жоқ. Тек никель (Ni) анықталып, алайда оның мөлшері өте төмен болды, яғни 0,251 мкг/мл құрады. Ал шоңайна тамырларындағы аталған элементтердің мөлшері Мемлекеттік Фармакопея ұсынған ауыр металдардың шекті рұқсат етілген концентрациясынан аспайды.

3 кесте - *Arctium Lappa* күлдік қалдығының құрамындағы макро- және микроэлементтері

Минералды Элементтер	Мөлшері, (мкг/мл)	
	Жапырақта	Тамырда
Макроэлементтер		
Калий (K)	1788,480	1524,740
Кальций (Ca)	281,460	67,310
Магний (Mg)	228,290	186,986
Натрий (Na)	36,220	48,000
Микроэлементтер		
Темір (Fe)	33,546	37,8
Мырыш (Zn)	1,999	0,0001
Мыс (Cu)	1,681	-
Марганец (Mn)	1,402	0,0678
Ультрамикроэлементтер		
Никель (Ni)	0,251	0,1776
Кадмий (Cd)	-	0,0256
Қорғасын (Pb)	-	0,1118




3 сурет - *Arctium lappa* күлдік қалдығының құрамындағы макро- және микроэлементтері

Жапырақта калий, кальций, магний, мырыш, мыс, марганец мөлшері жоғары болуы оны антиоксиданттық, қабынуға қарсы, седативтік және иммуномодуляторлық қасиеттерін қамтамасыз етуі мүмкін. *Тамырда* темір мен натрийдің көп мөлшерде болуы оны анемияға қарсы және детоксикациялық әсер көрсететін субстанция ретінде қарастыруға болатынын көрсетеді. Жалпы, *Arctium lappa*-ның минералдық құрамы оның фармакологиялық қасиеттеріне ықпал етіп, дәрілік өсімдік ретінде қолданылу мүмкіндігін растайды.

Arctium lappa өсімдігінің сығындыларының құрамына кіретін қосылыстарды толық әрі нақты анықтау мақсатында алғаш рет газдық хроматография–масс-спектрометрия (ГХ–МС) әдісімен салыстырмалы талдау жүргізілді. Компоненттерді анықтау хроматограммадағы шыңдардың ұсталыну уақыты мен жеке компоненттердің толық масс-спектрлерін масс-спектрлік кітапхананың таза қосылыстарының сәйкес деректерімен салыстыру арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Физикалық-химиялық зерттеу әдістері және талдау орталығында» жасалды.

Arctium lappa-ның жапырақтың этилацетатты сығындысының ГХ-МС талдау нәтижелері 4-суретте келтірілген:




4 сурет – *Arctium lappa* жапырағының этилацетатты сығындысының ГХ-МС сараптама нәтижелері

Талдау нәтижелері бойынша *Arctium lappa* жапырақтың этилацетатты сығындысының құрамында жалпы 32 қосылыс анықталды, оның ішінде спирттер, күрделі эфирлер, дитерпендер, көмірсулар және май қышқылдары бар екенін көрсетті. Ең жоғары пайыздық мөлшерге ие негізгі қосылыстар қатарына *1,3-Dioxolane-2,2-diethanol* (39,07%), *9,12,15-Octadecatrienoic acid (Z,Z,Z)*- (8,81%), *Phytol* (4,99%), *Sucrose* (2,69%), *3,7,11,15-Tetramethyl-2-hexadecen-1-ol* (2,12%) және *cis-13-Eicosenoic acid (2,09%)* жатады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, *9,12,15-Octadecatrienoic acid (Z,Z,Z)*- жүрек-қантамыр жүйесіне оң әсер етіп, коронарлық артерия ауруының қаупін төмендетуге ықпал етеді. Сонымен қатар, соңғы зерттеулер оның антиметаболикалық синдромға қарсы, ісікке қарсы, қабынуға қарсы, антиоксиданттық, липид алмасуын реттейтін және нейропротекторлық қасиеттерге ие екенін, сондай-ақ ішек микрофлорасының қызметін реттеуге қатысатынын дәлелдейді (Parvathi, et al, 2022). *Phytol* (фитол) – ациклді табиғи дитерпен спирті және хлорофилл молекуласының құрамдас

бөлігі. Бұл қосылыс көбінесе хош иісті компонент ретінде қолданылғанымен, оның биомедициналық әлеуеті зор. Фитол қабынуды басатын қасиетке ие, ол циклооксигеназа-1 (ЦОГ-1) және циклооксигеназа-2 (ЦОГ-2) ферменттерін тежеу арқылы қабыну процесін төмендетеді, сондай-ақ каппа В ядролық факторы (NF-κB) мен интерлейкин-1β (IL-1β) сигналдық жолдарын басады. Фитол ацетилсалицил қышқылымен немесе натрий диклофенакымен бірге қолданғанда эксперименталды жануарларда табанның ісінуін азайту арқылы қабынуға қарсы әсерді күшейтеді (Islam, et al, 2020).

Arctium lappa-ның тамырынан бөліп алынған гексан сығындысының ГХ-МС талдау нәтижелері 5-суретте келтірілген:



5 сурет – *Arctium lappa* тамырының гександы сығындысының ГХ-МС сараптама нәтижелері

5-Суреттен көріп тұрғанымыздай, *Arctium lappa* тамырының гександы сығындысының құрамында 31 қосылыс анықталды, алайда оның компоненттері жапырақ құрамында болатын заттардан әлдеқайда өзгешелеу болды. Атап айтсақ, көмірсутектер, күрделі эфирлер, қышқылдар, спирттер және фталаттар

анықталды. Олардың ішінде ең жоғары пайыздық мөлшерге ұзын тізбекті алкандар: *Nonacosane* (15,78%), *Heptacosane* (15,78%), *Hexacosane* (12,55%) және *Pentacosane* (11,61%) болды. Бұл қосылыстар терінің гидрофобты тосқауылын қалыптастырып, ылғалдың жоғалуын азайтады, сонымен қатар антиоксиданттық әсері арқылы жасушалардың зақымдануын тежеуге ықпал етеді, сондықтан оларды косметикалық және дерматологиялық препараттарда кеңінен қолдануға болады (Ferracane, et al, 2010). Сондай-ақ, *Squalene* (6,02%), *Bis(2-ethylhexyl) phthalate* (6,86%) және *Octadecanoic acid, butyl ester* (2,32%) сияқты қосылыстардың едәуір мөлшері табылды. Фенолды қосылыс – *Phenol, 2,4-bis(1,1-dimethylethyl)-* (2,27%) болуы антиоксиданттық қасиеттерін көрсетеді (Chan, et al, 2011). Сонымен қатар, май қышқылдарының күрделі эфирлері, мысалы, *Hexadecanoic acid, methyl ester* (1,96%) және *9,12-Octadecadienoic acid, ethyl ester* (1,03%) табылды. *Squalene* - табиғи антиоксидант болып, терінің тосқауыл қызметін жақсартып, қартаю процесін баяулатады және иммундық жүйені қолдауға ықпал етеді (Shyam, et al, 2024). Ал *Hexadecanoic acid, methyl ester* және *Octadecanoic acid, butyl ester* сияқты май қышқылының эфирлері теріні жұмсартып, қабынуға қарсы әсер көрсетеді және липид алмасуын реттейді, осылайша теріні қорғау және регенерация процестеріне оң әсер етеді. Зерттеу барысында кейбір фталат қосылыстары, мысалы, *Dibutyl phthalate* және *Bis(2-ethylhexyl) phthalate* анықталса да, олар табиғи құрамның тұрақты бөлігі ретінде қаралмайды. Сондай-ақ, кейбір фталаттар эндокринді бұзатын әсерлерге ие болуы мүмкін (Miyazawa, et al, 2005). Жалпы, *Arctium lappa* тамырларының химиялық профилі фармакологиялық тұрғыдан пайдалы биологиялық белсенді компоненттерді қамтығанын айқын болып тұр.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері шоңайна өсімдіктің тамыры мен жапырақтарының химиялық құрамы олардың әртүрлі биологиялық белсенділікке ие болуы мүмкіндігін көрсетеді. Жапырақтарда антиоксиданттық және қабынуға қарсы әсері бар тері илегіш заттар (16,34%), флавоноидтар (2,02%) және сапониндер (2,17%) жоғары деңгейде жинақталған, сонымен қатар кальций (281,46 мкг/мл), магний (228,29 мкг/мл) және темір (33,546 мкг/мл) көп мөлшері олардың қоректік құндылығын арттырады. Тамырлар алкалоидтар (1,92%) мен полисахаридтерге (1,36%) бай болып, адаптогендік және анальгетикалық әсер беруі мүмкін, сондай-ақ құрамында көмірсутектер (*Pentacosane* – 11,61%, *Heptacosane* – 15,78%, *Nonacosane* – 15,78%), фенолдық қосылыстар (2,27%) және сквален (6,02%) болуы дерматологиялық қолдану мүмкіндігін көрсетеді. ГХ-МС талдауы екі өсімдік бөлігі құрамында да фармакологиялық тұрғыдан маңызды биоактивті заттардың бар екенін растады. Жалпы, жапырақтары медицинада антиоксиданттық және микроэлементтік қасиеттерімен, ал тамырлары адаптогендік және дерматопротекторлық әлеуетімен перспективалы, бұл оларды фармакологиялық зерттеулерде және фитопрепараттар жасауда пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Бурашева Г.Ш., Ескалиева Б.К., Кипчакбаева А.К. (2015) Табиғи косылыстардың химиясы мен технологиясы: оқу құралы. — Алматы: Қазақ университеті. — 2015 — 464 б.

Васфилова Е. С. (2021) Фруктозосодержащие углеводы растений: биологическая активность и использование в медицине (Обзор). Растительные ресурсы. — 2021. — Т. 57. — №. 3. — С. 195-210. <https://new.ras.ru/upload/iblock/87c/husjj0fkkr4sok83e9qsdtut00pzwtki.pdf>

Пугина В. А., Васильцова И. В., Коваль Ю. И. (2022) Лопух большой как источник биологически активных веществ. Химия и жизнь. — 2022. — С. 129-136. https://elibrary.ru/download/elibrary_48727180_36604440.pdf

Сычев И. А., Кокина Д. Г. (2024) Действие полисахарида листьев лопуха большого на гемопоэз здоровых животных и животных с железодефицитной анемией. Достижения науки и образования. — 2024. — №. 1 (92). — С. 5-10. <https://doi.org/10.17513/spno.32048>

Chaachouay N., Zidane L. (2024) Plant-derived natural products: a source for drug discovery and development. Drugs and Drug Candidates. — 2024. — Vol. 3. — №. 1. — С. 184-207. <https://doi.org/10.3390/ddc3010011>

Chan YS, Cheng LN, Wu JH, Chan E, Kwan YW, Lee SM, Leung GP, Yu PH, Chan SW. (2011) A review of the pharmacological effects of *Arctium lappa* (burdock). Inflammopharmacology. - 2011. — Vol. 19. - № 5. — P. 245-54. <https://doi.org/10.1007/s10787-010-0062-4>

Ferracane R, Graziani G, Gallo M, Fogliano V, Ritieni A. (2010) Metabolic profile of the bioactive compounds of burdock (*Arctium lappa*) seeds, roots and leaves. J Pharm Biomed Anal. — 2010. — Vol. 51. — №2. — P.399-404. <http://dx.doi.org/10.1016/j.jpba.2009.03.018>

Genovesi L. (2014) Atomic Absorption Spectrometry: The Science of Atomization. American laboratory. — 2014. — Vol. 46. — №. 7. — P. 34-36. <https://www.labcompare.com/10-Featured-Articles/167294-Atomic-Absorption-Spectrometry-The-Science-of-Atomization/>

Islam M. T. et al. (2020) Phytol anti-inflammatory activity: Pre-clinical assessment and possible mechanism of action elucidation. Cellular and Molecular Biology. — 2020. — Vol. 66. — №. 4. — С. 264-269. <http://dx.doi.org/10.14715/cmb/2020.66.4.31>

Jing, W., Xiaolan, C., Yu, C., Feng, Q., & Haifeng, Y. (2022) Pharmacological effects and mechanisms of tannic acid. Biomedicine & Pharmacotherapy. — 2022. — Vol. 154. — P. 113561 <https://doi.org/10.1016/j.biopha.2022.113561>

Kareem O. Tabasum A., Lateef A. D., Suhail A. M. et al. (2022) Positive health benefits of saponins from edible legumes: Phytochemistry and pharmacology. Edible Plants in Health and Diseases: Volume II: Phytochemical and Pharmacological Properties. — 2022. — P. 279-298. http://dx.doi.org/10.1007/978-981-16-4959-2_8

Lu, N.; Wei, J.; Gong, X.; Tang, X.; Zhang, X.; Xiang, W.; Liu, S.; Luo, C.; Wang, X. (2023) Preventive effect of *Arctium lappa* polysaccharides on acute lung injury through anti-inflammatory and antioxidant activities. Nutrients. — 2023. — Vol. 15. — №. 23. — P. 4946. <https://doi.org/10.3390/nu15234946>

Lyu Y. R., Sol Ji Jung, Lee S. W., Yang W. K., Kim S. H. et al. (2020) Efficacy and safety of CAEC (Canavalia *Gladiata* *Arctium lappa* extract complex) on immune function enhancement: An 8 week, randomised, double-blind, placebo-controlled clinical trial. Journal of Functional Foods. — 2020. — Vol. 75. — P. 104259. <http://dx.doi.org/10.1016/j.jff.2020.104259>

Maugeri, A., Lombardo, G. E., Cirmi, S., Süntar, I., Barreca, D., Laganà, G., & Navarra, M. (2022) Pharmacology and toxicology of tannins. Archives of Toxicology. — 2022. — Vol. 96. — №. 5. — P. 1257-1277. <https://doi.org/10.1007/s00204-022-03250-0>

Miyazawa M., Yagi N., Taguchi K. (2005) Inhibitory Compounds of α -Glucosidase Activity from *Arctium lappa* L. Journal of Oleo Science. — 2005. - Vol 54. - № 11. — P. 589-594. <https://doi.org/10.5650/jos.54.589>

Olofinson K., Abrahamse H., George B. P. (2023) Therapeutic role of alkaloids and alkaloid derivatives in cancer management. Molecules. — 2023. — Vol. 28. — №. 14. — P. 5578. <https://doi.org/10.3390/molecules28145578>

Parvathi K., Kandeepan C., Sabitha M., Senthilkumar N., Ramya S., Boopathi N. M., ... & Jayakumararaj R. (2022) *In-silico* absorption, distribution, metabolism, elimination and toxicity profile of

9, 12, 15-octadecatrienoic acid (ODA) from *Moringa oleifera*. *Journal of Drug Delivery and Therapeutics*. — 2022. — Vol. 12. — №. 2-S. — P. 142-50. <http://dx.doi.org/10.22270/jddt.v12i2-s.5289>

Shyam M, Sabina E.P. (2024) Harnessing the power of *Arctium lappa* root: a review of its pharmacological properties and therapeutic applications. *Nat Prod Bioprospect*. — 2024. — Vol. 20. - №14(1). — P. 49. <https://doi.org/10.1007/s13659-024-00466-8>

Skowrońska W., Granica, S., Dziedzic, M., Kurkowiak, J., Ziaja, M., Bazylko, A. (2021) *Arctium lappa* and *Arctium tomentosum*, Sources of *Arctii radix*: Comparison of Anti-Lipoxygenase and Antioxidant Activity as well as the Chemical Composition of Extracts from Aerial Parts and from Roots. *Plants*. — 2021. — Vol. 10. — №. 1. — P. 78 <https://doi.org/10.3390/plants10010078>

WHO Traditional Medicine (2013). Report by the Secretariat of a WHO. Geneva, WHO, 2013, EB134/24

References

Burasheva G.SH., Eskalievа B.Қ., Kipchakbaeva A.K. (2015) Табиғи қосылыстардың химиясы мен технологиясы: оқу қыралы [Chemistry and technology of natural compounds: a textbook]. —Almaty: Қазақ университеті. — 2015. — 464 б. (in Kazakh)

Chaachouay N., Zidane L. (2024) Plant-derived natural products: a source for drug discovery and development. *Drugs and Drug Candidates*. — 2024. — Vol. 3. — №. 1. — C. 184-207. <https://doi.org/10.3390/ddc3010011>

Chan YS, Cheng LN, Wu JH, Chan E, Kwan YW, Lee SM, Leung GP, Yu PH, Chan SW. (2011) A review of the pharmacological effects of *Arctium lappa* (burdock). *Inflammopharmacology*. - 2011. — Vol. 19. - № 5. — P. 245-54. <https://doi.org/10.1007/s10787-010-0062-4>

Ferracane R, Graziani G, Gallo M, Fogliano V, Ritieni A. (2010) Metabolic profile of the bioactive compounds of burdock (*Arctium lappa*) seeds, roots and leaves. *J Pharm Biomed Anal*. — 2010. — Vol. 51. — №2. — P.399-404. <http://dx.doi.org/10.1016/j.jpba.2009.03.018>

Genovesi L. (2014) Atomic Absorption Spectrometry: The Science of Atomization. *American laboratory*. — 2014. — Vol. 46. — №. 7. — P. 34-36. <https://www.labcompare.com/10-Featured-Articles/167294-Atomic-Absorption-Spectrometry-The-Science-of-Atomization/>

Islam M. T. et al. (2020) Phytol anti-inflammatory activity: Pre-clinical assessment and possible mechanism of action elucidation. *Cellular and Molecular Biology*. — 2020. — Vol. 66. — №. 4. — C. 264-269. <http://dx.doi.org/10.14715/cmb/2020.66.4.31>

Jing, W., Xiaolan, C., Yu, C., Feng, Q., & Haifeng, Y. (2022) Pharmacological effects and mechanisms of tannic acid. *Biomedicine & Pharmacotherapy*. — 2022. — Vol. 154. — P. 113561 <https://doi.org/10.1016/j.biopha.2022.113561>

Kareem O. Tabasum A., Lateef A. D., Suhail A. M. et al. (2022) Positive health benefits of saponins from edible legumes: Phytochemistry and pharmacology. *Edible Plants in Health and Diseases: Volume II: Phytochemical and Pharmacological Properties*. — 2022. — P. 279-298. http://dx.doi.org/10.1007/978-981-16-4959-2_8

Lu, N.; Wei, J.; Gong, X.; Tang, X.; Zhang, X.; Xiang, W.; Liu, S.; Luo, C.; Wang, X. (2023) Preventive effect of *Arctium lappa* polysaccharides on acute lung injury through anti-inflammatory and antioxidant activities. *Nutrients*. — 2023. — Vol. 15. — №. 23. — P. 4946. <https://doi.org/10.3390/nu15234946>

Lyu Y. R., Sol Ji Jung, Lee S. W., Yang W. K., Kim S. H. et al. (2020) Efficacy and safety of CAEC (*Canavalia Gladiata Arctium lappa* extract complex) on immune function enhancement: An 8 week, randomised, double-blind, placebo-controlled clinical trial. *Journal of Functional Foods*. — 2020. — Vol. 75. — P. 104259. <http://dx.doi.org/10.1016/j.jff.2020.104259>

Maugeri, A., Lombardo, G. E., Cirmi, S., Süntar, I., Barreca, D., Laganà, G., & Navarra, M. (2022) Pharmacology and toxicology of tannins. *Archives of Toxicology*. — 2022. — Vol. 96. — №. 5. — P. 1257-1277. <https://doi.org/10.1007/s00204-022-03250-0>

Miyazawa M., Yagi N., Taguchi K. (2005) Inhibitory Compounds of α -Glucosidase Activity from *Arctium lappa* L. *Journal of Oleo Science*. — 2005. - Vol 54. - № 11. — P. 589-594. <https://doi.org/10.5650/jos.54.589>

Olofinsan K., Abrahamse H., George B. P. (2023) Therapeutic role of alkaloids and alkaloid derivatives in cancer management. *Molecules*. — 2023. — Vol. 28. — №. 14. — P. 5578. <https://doi.org/10.3390/>

molecules28145578

Parvathi K., Kandeepan C., Sabitha M., Senthilkumar N., Ramya S., Boopathi N. M., ... & Jayakumararaj R. (2022) *In-silico* absorption, distribution, metabolism, elimination and toxicity profile of 9, 12, 15-octadecatrienoic acid (ODA) from *Moringa oleifera*. *Journal of Drug Delivery and Therapeutics*. — 2022. — Vol. 12. — № 2-S. — P. 142-50. <http://dx.doi.org/10.22270/jddt.v12i2-s.5289>

Pugina V. A., Vasil'cova I. V., Koval' Ju. I. (2022) Lopuh bol'shoj kak istochnik biologicheski aktivnyh veshhestv. *Himija i zhizn'*. — P. 129-136. https://elibrary.ru/download/elibrary_48727180_36604440.pdf (in Russian)

Shyam M, Sabina E.P. (2024) Harnessing the power of *Arctium lappa* root: a review of its pharmacological properties and therapeutic applications. *Nat Prod Bioprospect*. — 2024. — Vol. 20. - №14(1). — P. 49. <https://doi.org/10.1007/s13659-024-00466-8>

Skowrońska W., Granica, S., Dziedzic, M., Kurkowiak, J., Ziaja, M., Bazyłko, A. (2021) *Arctium lappa* and *Arctium tomentosum*, Sources of *Arctii radix*: Comparison of Anti-Lipoxygenase and Antioxidant Activity as well as the Chemical Composition of Extracts from Aerial Parts and from Roots. *Plants*. — 2021. — Vol. 10. — № 1. — P. 78 <https://doi.org/10.3390/plants10010078>

Sychev I. A., Kokina D. G. (2024) Dejstvie polisaharida list'ev lopuha bol'shogo na gemopojez zdorovyh zhivotnyh i zhivotnyh s zhelezodeficitnoj anemiej [The effect of burdock leaf polysaccharide on hematopoiesis in healthy animals and animals with iron deficiency anemia]. *Dostizhenija nauki i obrazovanija* — 2024. — №1(92). — S.5-10. <https://doi.org/10.17513/spno.32048> (in Russian)

Vasfilova E. S. (2021) Fruktozosoderzhashhie uglevody rastenij: biologicheskaja aktivnost' i ispol'zovanie v medicine (Obzor) [Fructose-Containing Carbohydrates of Plants: Biological Activity and Use in Medicine (Review)] *Rastitel'nye resursy*. — 2021. — T. 57. - №3. — S. 195-210. <https://new.ras.ru/upload/iblock/87c/husjj0fkk4sok83e9qsdut00pzwtki.pdf> (in Russian)

WHO Traditional Medicine (2013). Report by the Secretariat of a WHO. Geneva, WHO, 2013, EB134/24

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x88¹/₈. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

13,5 п.л. Заказ 2.